

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам)
акционерлерінің кезектен тыс жиналысының материалдары
2016 жылғы 13 желтоқсан, 10 сағат 00 минут**

Жиналыстың күн тәртібі:

1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы.
2. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау.

1. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Жарғысына өзгерістер енгізу туралы

Қоғам Жарғысының 11-бабының 11.1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес акционерлердің қарауына Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселе шығарылады. Осы өзгерістер мен толықтырулар мынадай себептермен енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015ж.28.12 №1095 қаулысымен Акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) 50-ден астам пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері тізбесінің бекітілуіне байланысты Қоғам өз мақсаттарына қол жеткізу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының талаптарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі төрағасының 2008ж.20.05 №67 бұйрығына сәйкес белгіленетін ЭҚЖЖ кодтарына сәйкес Қоғамға қажетті қызмет түрлерін келісу үшін монополияға қарсы органға жүгінді.

Қоғам қызметтің түрлерін монополияға қарсы органмен келісу бойынша жүргізген жұмыс соңғысы Қоғамның жоғарыда аталған Қызмет түрлерінің тізбесінде қамтылған ЭҚЖЖ кодтарына сәйкес қызметтің түрлерін жүзеге асыруын келісті.

Осыған байланысты қоса берілген Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар қарауға шығарылып отыр, ол Жарғының «Қоғам қызметінің мақсаты мен мәні» туралы 3-бөлімінің 3.2-тармағында аталған Қоғам қызметінің түрлерін нақтылауға қатысты.

Осы өзгерістерді Қоғамның Директорлар кеңесі алдын ала мақұлдады (2016ж.18.11 №44 шешімі).

Ұсынылатын шешім:

1. Қоса берілген Қоғам Жарғысына ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Қ.О. Есқазиев осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

2. Қоғам Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

Қоғам Жарғысының 11.1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі сандық құрамын, Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Акционерлердің жалпы жиналысына К.С. Хопкинсонның Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысына қатысу мүмкіндігінің болмауына байланысты оны Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ұсынылады.

Ұсынылатын шешім:

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Кристофер Саймон Хопкинсонның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

3. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау

2016 жылғы 21 қазанда Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының 10.6-тармағына, 12.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады. Акционерлердің кезектен тыс жиналысының күн тәртібіне «Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы» мәселесі қосылды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсыным жасалған) тұлғалар санынан сайлануы мүмкін. Ірі акционер – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) 2016 жылғы 22 қарашаның өтінішіне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің бос лауазымына ҚМГ ҰК адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президенті Серік Сақбалдыұлы Әбденовтің кандидатурасы ұсынылады.

Қоғам Жарғысының 11.1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады. Осыған байланысты С.С. Әбденовті Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау ұсынылады.

Кандидат туралы мәліметтер (Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес) қоса беріліп отыр.

Ұсынылатын шешім:

Серік Сақбалдыұлы Әбденов, тұтастай алғанда, Қоғамның Директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттіктер мерзіміне Серік Сақбалдыұлы Әбденов Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесіне кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты:
Әбденов Серік Сақбалдыұлы
- 2) кандидатты ұсынған акционердің атауы
**«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
(ірі акционер)**
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғам акцияларының саны:
жоқ
- 4) Білімі туралы мәліметтер
 1. **1994-1998жж. Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты (Алматы қ.), мамандығы «Құқықтану», заңгер, үздік диплом;**
 2. **2002-2004 жж. Қарағанды Қазтұтынуодағы экономикалық университеті (Қарағанды қ.), мамандығы «Экономика» (бейіні бойынша), Экономист;**
 3. **«Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресейлік халық шаруашылығы академиясы» федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары кәсіптік білім оқу орны (Мәскеу қ.), «Бизнес пен Мемлекеттің өзара іс-қимылын басқару» іскерлік әкімшілік ету мастері.**
- 5) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер:
Жоқ, Қоғамға үлестестігі жоқ.
- 6) Кандидаттың соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен лауазымдары, сондай-ақ кандидат соңғы бес жылда басқа да заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған қызметтері туралы мәліметтер:
2016ж.08 бастап қазіргі уақытқа дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, адам ресурстарын басқару жөніндегі вице-президент;
2013ж.11 бастап 2016ж.08 дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, адам ресурстарын басқару және еңбекақы жөніндегі басқарушы директор;
2013ж.07 бастап 2013ж.11 дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Басқарма төрағасының кеңесшісі;
2012ж.09 бастап 2013ж.06 дейін – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі;
2009ж.11 бастап 2012ж.09 дейін – Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты, облыс әкімінің бірінші орынбасары ;
2009ж.03 бастап 2009ж.11 дейін – Қазақстан Республикасының Шығыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты, облыс әкімінің орынбасары.
- 7) Кандидаттың Қоғамның үлестес тұлғаларымен және контрагенттерімен қатынастары туралы мәліметтер:
Жоқ
- 8) Заңнамада белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе жойылмаған соттылығының бар-жоғы туралы мәліметтер:
Соттылығы жоқ

- 9) Бұрын осы тұлға жұмыс істегенде банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлі түрде таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері (директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшы орынбасары, бас бухгалтері) болған тұлға. Аталған талап банкроттық, консервация, санация, мәжбүрлі түрде тарату туралы шешім қабылданған күннен бастап бес жыл ішінде қолданылады.

Жоқ

- 10) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылуына келіскендігі туралы мәліметтер:

Келісті.